

**«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «31» наурыздағы
шешімімен (№ 2 хаттама)
«БЕКІТІЛДІ».**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2019 – 2023 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ.**

Ақтөбе, 2021 жыл

Кіріспе

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы (Бұдан әрі – Даму бағдарламасы) Қазақстан Республикасының білім беру, ғылым және денсаулық сақтау салаларын кейінгі дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер кешенін іске асыру қажеттілігін есепке ала отырып қалыптастырылған.

Қазақстан Республикасының осы бағыттардағы мемлекеттік саясатының басым бағыттары:

- «Білім туралы» Заңның нормаларымен;
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауымен;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарымен;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексімен;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарымен айқындалады.

Бұл құжаттарда еңбек нарығының талаптарына және инновациялық экономика, әлеуметтік жаңғырту қажеттіліктеріне жауап беретін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің икемді және әртараптандырылған жүйесін қалыптастыру, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, адами ресурстарды тиімді басқару қажеттілігі көрсетіледі.

1. Ағымдағы жағдайды және ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып, ұйымның перспективаларын сипаттау.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Бұдан әрі – Университет) халықаралық қатысумен институционалдық аккредиттеуден (2019 жыл) және бакалавриат пен жоғары оқу орнының кейінгі білім беру мамандықтарының барлық білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен (2016 жыл) өтті. Университеттің 5 оқу-зертханалық және 3 клиникалық корпусы, 2100 орынға есептелген 5 студенттік жатақханасы бар.

Университет Қазақстан Республикасында өткізілетін ЖОО сұранысқа ие болудың ұлттық рейтингтеріне тұрақты қатысады. Солайша, Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (НААР) 2019 жылғы рейтингінде Университет Қазақстан Республикасының ТОП-20 ЖОО қатарына кірді. «Атамекен» ҚР ҰКП 2019 жылғы қазақстандық ЖОО білім беру бағдарламаларын тәуелсіз бағалауында «Жалпы медицина» және «Стоматология» мамандықтарының білім беру бағдарламалары сәйкесінше 1 және 2 орындарды иеленді. Сапа менеджменті жүйесі ISO 9001-2015 сәйкестікке сертифициратталды.

Университетте аккредиттелген университеттік клиникалар желісі бар: Университеттік медициналық орталығы, Отбасылық медицина клиникасы және Стоматологиялық клиника.

Университетте 2019-2020 оқу жылының басында 747 оқытушы жұмыс істейді, олардың ішінде 551 адам – штаттық. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін университетте 43 теориялық және клиникалық кафедра жұмыс істейді.

Медицина ғылымдарының докторы және медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылар құрамы (Бұдан әрі - ПОҚ) үлесінің азаюы PhD академиялық дәрежесі бар ПОҚ және магистрлер санының ұлғаюымен өтеледі. 2019 жылға 6 PhD докторанттары мен 17 магистрант түлектерді шығару жоспарлануда.

Оқыту бакалавриаттың 5 мамандығы бойынша жүргізіледі: «Жалпы медицина», «Стоматология», «Фармация», «Мейірбике ісі», «Қоғамдық денсаулық сақтау», оның ішінде – «Жалпы медицина» мамандығы ағылшын тілінде оқытылады. Резидентурада 23 мамандық бойынша, магистратурада 4 мамандық бойынша, PhD докторантурада 2 мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау жүзеге асырылады.

Университетте білім беру процесі үшін әр түрлі оқу, оқу-әдістемелік және зерттеу инновациялары (PBL, TBL, CBL және басқалар) қолданылады. Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес барлық мамандықтар бойынша модульдік білім беру бағдарламалары әзірленді.

Ғылымның, білімнің және клиниканың үштұғырлығын дамыту, оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында, мамандықтардың білім беру бағдарламаларының интеграциясы мен сабақтастығы құзыреттілік тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

Университеттегі бизнес-процестерді ақпараттық технологиялар негізінде автоматтандыруға мүмкіндік берген «SIRIUS» ақпараттық жүйесі қызмет етеді: электрондық журнал, бағаларды саралауды қамтамасыз ететін есептеу әдістемесін әзірлеу, MOODLE білім беру порталы, студенттердің білімін бақылаудың электрондық жүйесі, электрондық кітапхана, қашықтықтан оқыту порталы және басқалар. Университеттің бизнес-процестерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін Documentolog электрондық құжат айналымы жүйесіне ауысу іске асырылды.

Ағылшын тілін меңгеру деңгейі B1 және одан жоғары сертификаты бар ПОҚ саны өсуде: 2018-2019 оқу жылында - 63 (11,3%); 2019-2020 оқу жылында - 123 (22,3%). Шетел тілін меңгеруді ынталандыру мақсатында Университетте ресми IELTS 5.0 және одан жоғары сертификаты бар ПОҚ жалақысына үстемеақы төлеу жүзеге асырылады, қызметкерлерге шетел тілін оқыту үшін жағдай жасалуда.

ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру аясында жетекші қазақстандық және шетелдік ЖОО, ғылыми-зерттеу орталықтарының негізінде тағылымдамадан және біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. 2019 жылы ПОҚ кіріс және шығыс академиялық ұтқырлығы 4,8% (2018 жылы – 3,8%) құрады.

Медициналық ғылым, білім беру және практикалық денсаулық сақтау саласындағы жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық өзара

ПТ КК

түсіністік туралы жасалған меморандумдармен, шарттармен, халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдермен реттеледі.

Дәрістік және практикалық сабақтар, мастер-кластар өткізетін, өңірдің денсаулық сақтау саласына практикалық көмек көрсететін визитинг-профессорларды шақыру бағдарламасы белсенді жүзеге асырылуда. Университетте жұмыс істеген шетелдік ғалымдар мен оқытушылардың үлесі 2019 жылы 4,6% бастап 7,4% дейін ұлғайды.

Университеттің кітапхана қоры мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Қажетті мақала, кітаптар, ӘОЖ индексі, кітаппен қамтамасыз ету, тақырыптық анықтамалар таңдау және т.б. онлайн-тапсырыс беру мүмкіндігімен «Оқытушының веб кабинеті» және «Виртуалды библиограф» қызметі құрылды.

Қорда жоқ әдебиетке, мақалаға және диссертацияға және т.б. И.М. Сеченов атындағы ОҒМК электрондық абонемент қызметіне тапсырыс беру мүмкіндігі ұсынылады.

Университет медицина ғылымы, білім беру және практикалық денсаулық сақтау саласында көптеген жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен тікелей байланыстар негізінде, сондай-ақ, халықаралық ынтымақтастықтың түрлі арналары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Visiting-professors бағдарламасы бойынша 2019 жылы Университетте: Ресей, Қырғызстан, Литва, Ұлыбритания, Араб Әмірліктері, Үндістан, Кувейт Араб Республикасы, Польша, АҚШ тәріздіалыс және жақын шетелден 40 профессор жұмыс істеді. Бағдарлама нәтижелері бойынша 6 бірлескен ғылыми жобаны жүзеге асыру басталды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын «Батыс Қазақстан медицина журналы» ғылыми-практикалық журналында 14 мақала жарияланды.

Университет AMEE (Еуропадағы медициналық білім беру қауымдастығы) және AMSE (Еуропадағы медициналық мектептер қауымдастығы) мүшесі болып табылады.

Стратегиялық серіктес ретінде К.Марцинковский атындағы Познань университеті (Познань, Польша (PUMS)) таңдалды. 2019 жылы стратегиялық серіктестік аясында жоба іске асырылуда, оның міндеттері:

1. Университеттің медициналық мамандарды даярлаудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру:

- білім беру процесін негізгі медициналық білім деңгейінде жетілдіру;
- профессорлық-оқытушылар құрамының және Университет қызметкерлерінің әлеуетін арттыру;
- Университеттің институционалдық ғылыми әлеуетін дамыту.

2. Білім беру процесін және «Клиникалық фармакология» мен «Онкология: онкологиялық зертханалық диагностика» пәндері бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру болып табылады.

Университеттің және стратегиялық серіктес университеттің оқытушыларының академиялық ұтқырлығының бағдарламасы әзірленді. Стратегиялық серіктес болып табылатын ЖОО ғалымдары қызметкерлерді даярлау және ғылыми зерттеулер нәтижелерін клиникалық практика мен білім

Handwritten signatures

беру процесіне кейінгі енгізумен, әдістемелік қолдау ұсыну арқылы ғылыми-зерттеу зертханаларының құрылуына көмек көрсетеді.

Магистрлік және PhD жобалардың жетекші бағыттары айқындалды, олар: онкология, өркениет аурулары, генетика, эндокринология, фармакология, тамақтану және зат алмасу. 5 PhD диссертацияның ғылыми кеңесшілері ретінде стратегиялық серіктес ЖОО 4 профессоры тартылды.

Серіктес университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы клиникалық фармакологтарды даярлаудың барлық деңгейлерінде дәрістер мен семинарлар өткізуге кірістіріледі.

«Клиникалық фармакология» және «Онкология: онкологиялық зертханалық диагностика» мамандығы бойынша резидентураның білім беру бағдарламасын әзірлеу жүргізілуде.

Білім беру қызметтерінің шетелдік нарығына шығу бойынша жұмыс шетелдік студенттерді қабылдау арқылы іске асырылады. 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 2019-2020 оқу жылында шетелдік студенттер саны 348 (10,0%) адамды құрады: өсім 2,5% құрады.

Жоғары оқу орнының білім беру процесіндегі маңызды бағыт Университеттің ПОҚ ғылыми-зерттеу қызметі болып табылады.

2019 жылы Университетте ПОҚ 13 ғылыми-зерттеу жобасы және университет қаржыландыратын ғылыми жетекшілердің басшылығымен 8 студенттің ҒЗЖ іске асырылды. ПОҚ ғылыми зерттеулерінің нәтижелері практикалық, ғылыми немесе білім беру қызметіне енгізілетін ғылыми-техникалық өнім түрінде ресімделеді.

2018 жылдан бастап барлық кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері үшін ғылыми және білім беру қызметін көрсететін қызметтің негізгі көрсеткіштері (КРІ) әзірленді. Көрсеткіштер күнтізбелік жылдың басында бекітіледі, ҚНҚ әзірленген карталарына енгізіледі және орындалу нәтижелері бойынша жыл соңында оларға қол жеткізуге мониторинг жүргізіледі. Қызметтің негізгі түрлері бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу нәтижелерінің негізінде алқалық шешіммен қызметкерлердің жалақысына сараланған үстеме ақы белгіленеді.

Университет медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар және үш аккредиттелген университеттік клиникаға ие:

1. Университеттің медициналық орталығы (Бұдан әрі - МО). Жалпы төсек қоры 304 төсек орынды құрайды, оның ішінде соматикалық 94 төсек (15 КС) және онкобейінді 210 төсек (60 САК). Клиника облыс халқының 800 мың адамына медициналық көмекке қажеттілікті жабады. Бүгінде МО интеграцияланған академиялық медициналық орталық ретінде айқындалған және оның қызметтері халыққа кеңінен қолжетімді. Клиника жұмысының басым бағыттары әлеуметтік маңызды аурулар (онкология) мен жоғары технологиялық медициналық қызметтер (кардиохирургия) кезінде мамандандырылған көмек көрсету болып табылады. Жоғары технологиялық радиологиялық қызметті мемлекеттік аймақтандыру шеңберінде МО Батыс Қазақстанның радиациялық онкология орталығы болып табылады.

2. Отбасылық медицина клиникасы (Бұдан әрі - ОМК) Университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, бекітілген халыққа және Университет студенттеріне қызмет көрсетеді және «Жалпы практика дәрігері» қағидаты бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Скринингтік зерттеулер



арқылы ауруларды ерте анықтау бойынша бағдарламалар: ҚЖА ерте анықтау бойынша; сүт безі обырын ерте анықтау бойынша; жатыр мойны обырын, қант диабетін анықтау бойынша бағдарламалар іске асырылады. 2019 жылдың соңына қатысты бекітілген халық саны – 15 193 адам, оның ішінде ересектер – 11 860 адам; балалар – 3 333 адам. 1 ЖПД бекітілген халық саны 1688 адамды құрайды, ол республикалық көрсеткіштен (1750 адам) төмен болып табылады.

3. Стоматологиялық клиника. Халыққа қолжетімді лицензияланған стоматологиялық, емдеу-диагностикалық, консультациялық көмекпен қамтамасыз етеді; университет студенттері мен тыңдаушыларының практикасын ұйымдастырады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жүкті әйелдерге тешгін стоматологиялық көмек көрсетіледі. Жоғары санатты профессорлар, доценттер, стоматолог дәрігерлер кеңес береді және қабылдау жүргізеді. Стоматологиялық клиниканың бюджетін қалыптастыру көзі Университеттен түсетін түсімдер, халыққа көрсетілген медициналық қызметтер үшін қаражат, сондай-ақ, «Жүкті әйелдерге алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету» Бюджеттік бағдарламасы бойынша жұмыстарды орындау болып табылады. Стоматологиялық клиника базасында тіс дәрігерлеріне, тіс техниктеріне бюджеттен тыс негізде мамандану жүргізіледі.

2. Даму бағдарламасының талдамалық және болжамдық негіздемесінің блогы.

Университет дамуының оң динамикасына қарамастан, халықаралық деңгейде оның бәсекеге қабілеттілігін төмендететін бір қатар факторлар бар: Университеттің монопрофилизациясы; бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының жаңа мамандықтарының болмауы; ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының төмен саны, шетелдік студенттердің мұқтаждықтарына білім беру бағдарламаларының бейімделмеуі; халықаралық агенттіктермен аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болмауы.

Оқытушылардың көпшілігінде нәтижелерін халықаралық рецензияланатын журналдарда жариялаумен, халықаралық деңгейдегі зерттеулер жүргізудің, халықаралық конференцияларда баяндама ұсынудың, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде шетелдік әріптестермен немесе басқа қазақстандық ЖОО әріптестерімен кооперациялану тәжірибесі мен дағдысы төмен.

Ағылшын тілін оқыту үшін жағдай жасау бойынша жүргізілетін жұмысқа қарамастан, оқытушылар мен қызметкерлердің басым көпшілігінде шетел тілін меңгерудің әлсіз деңгейі сақталуда.

Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы әлеуетті артықшылықтарының көздері келесілер болуы мүмкін:

- халықаралық ынтымақтастықтың тәжірибесі (50 астам шетелдік серіктес ЖОО, Erasmus+ халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларына қатысу тәжірибесі), оның ішінде Еуропалық университеттермен;

- жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың мүшесі болып табылатын агенттік арқылы институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өту;

- Университеттің білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингілеріне үнемі қатысуы;

137 КС

- Еуропалық кеңістіктегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылатын, стратегиялық серіктес ЖОО - К. Марцинковский атындағы Познань медициналық университетінің (Польша) болуы;

- Университеттегі жұмысқа шетелдік ғалымдарды тарту тәжірибесі, оның ішінде, топ-менеджерлер позицияларына;

- заманауи материалдық-техникалық базаның, дамыған инфрақұрылымның, университет клиникалары желісінің, кампусты кеңейту және зертханаларды жабдықтау бойынша мүмкіндіктердің, өсу перспективасымен кірістерде бюджеттен тыс қаражаттың болуы.

Іске асыру шаралары келесідей болады:

- жетекші шетелдің медициналық университеттер мен ғылыми мектептермен халықаралық және стратегиялық серіктестікті кеңейту;

- мамандарды даярлаудың халықаралық стандарттарын енгізумен, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, оларды халықаралық аккредиттеу;

- университет клиникаларының материалдық-техникалық базасын, ғылыми зертханаларды жетілдіру, клиникалық зерттеулер жүргізу, биомедициналық зерттеулер нарығын дамыту, денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулер нәтижелерін ілгерілету және коммерцияландыру.

ЖОО жұмыс жасау үшін жас мамандарды тарту және бекіту проблемасы бар, ол магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша білім алушылардың төмен контингентінің себептерінің бірі болып табылады.

Батыс Қазақстан аймағының денсаулық сақтау саласын кадрлық қамсыздандыру мәселелерін дамытуда алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметкерлер тапшылығына, дәрігерлер санының теңгерімсіздігіне, медициналық қызметкерлердің ірі қалаларда шоғырлануы мен ауылдық елді мекендерде жетіспеушілігі, медициналық көмек көрсету деңгейлері (МСАК және ауыл деңгейіндегі тапшылық, стационар деңгейіндегі артылу) арасындағы теңгерімсіздікке байланысты проблемалар бар.

Солайша, 2019 жылы аймақ бойынша мамандардағы қажеттілік 1235 адамды құрады, оның ішінде: қалалық клиникалардың қажеттілігі – 816; ауылдың қажеттілігі – 419 адам. Ең үлкен қажеттілікті БҚО – 370 адам (243 қала/127 ауыл) және Маңғыстау облысы – 277 адам (162 қала/115 ауыл) сезінеді. Дәрігерлік кадрлардағы ең үлкен қажеттілік ЖПД (258 адам), педиатр дәрігерлер (98 адам) және акушер-гинекологтар (87 адам) бойынша байқалады.

2019 жылы шығарылған түлектер саны – 729 адам: интерндер – 576; резиденттер – 153 адам. Олардың ішінде тапшы мамандықтар бойынша: ЖПД – 144 адам, педиатрлар – 90 адам, акушер-гинекологтар – 109 адам. Резидентура түлектерін жұмысқа орналасуы 100%; интернатура бойынша – 97,6% құрады. Бұл ретте, резиденттер санының басым көпшілігі Ақтөбе – 63 (41,2%) және Атырау – 17 (11,1%) адам қалаларында жұмыс істеуді қалайды.

2019 жылы ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарына 123 түлек жұмысқа орналастырылды, олардың ішінде: ЖПД – 33; педиатрлар – 14 және акушер-гинекологтар – 19 адам. Жас мамандардың ең көп саны Ақтөбе (37), Қызылорда (24) және БҚО (22) облыстарына бөлініп таратылды.

ОДСБ ұсынылған деректерге сәйкес 2019 жылдың 1 желтоқсанында Батыс Қазақстан өңірлері бойынша кадрлардағы қажеттілік ауылдық медициналық ұйымдарда 371 адамды құрады.

БС КС

Ауылдық дәрігерлердегі ең үлкен қажеттілік Маңғыстау (129), БҚО (99) және Ақтөбе (80) облыстарында байқалады. Мамандықтар бойынша тапшылық бұрынғыдай: ЖПД, педиатрлар, акушер-гинекологтар, анестезиологтар және тар ауқымды мамандар.

Аталған проблемалы мәселелерді іске асыру жөніндегі шаралар:

- Қазақстанның Батыс өңірінің денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарын талдау, болжау және мониторингілеуге тәсілдемелерді жетілдіру;
- ауыл мен қала арасындағы медициналық кадрлардағы теңгерімсіздікті төмендету үшін жас мамандарды тарту мен жұмысқа орналастыруда университет пен ЖАО ортақ күш салысуы қажет;
- резидентураның білім беру бағдарламалары мен мамандықтарын кеңейту, ұлттық денсаулық сақтау саласының қажеттіліктеріне бейімделген дәрігерлерді даярлаудың халықаралық стандарттарын енгізу;
- клиникалық тәлімгерлер институтын жетілдіру, клиникалық тәлімгерлердің сәйкес бақылауымен ауруханалардағы интерндер мен резиденттердің клиникалық тәжірибе алуы үшін өңірдің практикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен байланыстарды және шарттарды кеңейту;
- болашақ түлектерді клиникалық тәжірибе алу үшін болашақ жұмысқа орналасу денсаулық сақтау ұйымдарына бағыттау.

3. Даму бағдарламасының миссиясы.

Білім, ғылым және клиника үштұғырлығы негізінде отандық және халықаралық еңбек нарықтарында сұранысқа ие, жоғары білікті медициналық кадрларды даярлау.

4. Даму бағдарламасының пайымдауы.

Университеттің Даму бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде:

- медициналық кадрларды даярлау деңгейі бойынша отандық ЖОО арасында көшбасшы болады;
- ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер спектрін жаһандық сын-қатерлерге, әлемдік медицина және фармацевтика перспективаларына және үрдістеріне сәйкес кеңейтеді;
- заманауи университеттік клиникалар желісін ұстана отырып, емдеу процесінде озық диагностикалық және технологияларды қолданатын болады, медицина қызметкерлерінің кәсіпқойларының командасын қалыптастырып, қолдайтын болады, үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес медициналық көмектің сапасын басқару, ұйымдастыру және бақылаудың тиімді стратегиясын әзірлеп, қолданатын болады.

5. Даму бағдарламасының стратегиялық блогы

Медицина мен денсаулық сақтаудың заманауи дамуының негізгі серпінді өзгерістері келесілер болып табылады:

- өмір сүру ұзақтығын және оның сапасын арттыру;
- медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы;
- ауруларды диагностикалау және емдеу дербестендірілген болады.

МБ КМ

Осының барлығы өмір сүру ұзақтығының өсуін, әр түрлі аурулардың алдын алу мен емдеудің жаңа тиімді құралдарын алуды қамтамасыз ететін дербестендірілген медициналық қызметтер мен дәрілік заттар нарығын дамыту қажеттілігін негіздейді.

Бұл жағдайларда медициналық білім берудің қазіргі классикалық моделі шеңберінде дайындығы тиісті деңгейде қамтамасыз етілмеген бірегей мамандарға қажеттілік артады. Қазіргі заманғы медицина кадрларын даярлау, зерттеу қызметі арқылы жаңа білім генерациясы; жаңа кадрларды озық даярлау; таланттарды шоғырландыру және болашақ кәсіптеріне назар аудару; жаңа технологиялар мен өнімдер жасау арқылы өтуі тиіс.

Болашақ мамандығына бағдарланған мамандарды даярлаудың инновациялық моделі бітірушілердің кәсіптік құзыреттерін дамытуы тиіс:

- кең пәнаралық ой-өрісі;
- ғылыми зерттеулерді жоспарлау;
- жобаларды басқару;
- халықаралық интеграция және басқалар.

Әлеуетті артықшылықтардың көздерін ескере отырып, ұлттық және халықаралық жоғары медициналық білім беру жүйесінде бәсекелестік ұстанымдарға қол жеткізу үшін келесідей стратегиялық даму бағыттары әзірленді:

1) Шетелдік жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен тиімді ынтымақтастық арқылы білім беру бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу, халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау.

2) Университет қызметкерлерінің негізгі құзыреттілігін дамыту, зерттеу және профессорлық-оқытушылар құрамының сапасын арттыру.

3) Университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін зерттеудің өзекті бағыттарына шоғырландыру, зерттеу қызметі арқылы жаңа білімді генерациялау.

4) Университеттің клиникалар желісімен медициналық қызметтерді жетілдіру, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізу.

6. Даму бағдарламасында қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

1-стратегиялық бағыт: шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен тиімді ынтымақтастық арқылы білім беру бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу, халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау.

Стратегиялық серіктестік шеңберінде «Клиникалық фармакология», «Онкология: онкологиялық зертханалық диагностика» мамандықтары бойынша жаңа бағдарламаларды бірлесіп әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Магистрлік және PhD жобалардың жетекші бағыттары айқындалады: онкология, өркениет аурулары, генетика, эндокринология, фармакология, тамақтану және зат алмасу. Ол үшін даярлаудың барлық деңгейлерінде дәрістер мен семинарлар өткізуге, PhD диссертациялардың ғылыми кеңесшілері ретінде стратегиялық серіктес университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы тартылады; білім алушылар үшін бірлескен онлайн оқыту бағдарламалары (курстар, циклдер) әзірленеді.

Handwritten signatures

Университет оқытушыларының, оның ішінде, жетекші шетелдік ғылыми орталықтар негізіндегі докторлықтан кейінгі ғылыми қызметін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Стратегиялық және қауымдастырылған серіктестік шеңберінде ұлттық денсаулық сақтау саласына бейімделген денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін даярлаудың халықаралық стандарттары енгізіледі. Медициналық білім берудің барлық деңгейлерінде халықаралық стандарттарды енгізу және жетекші шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламалары бәсекеге қабілетті медициналық кадрларды даярлауға мүмкіндік береді. Интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларын енгізу; меншікті университеттік клиникалар мен аймақтың клиникалық базалары негізінде резидентура бағдарламаларының аясында; академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша – республиканың ғылыми орталықтарында және жетекші шетелдік медициналық мектептерде дәрігерлерді даярлау жалғастырылады.

Білім беру бағдарламаларын халықаралық ілгерілету үшін заманауи медициналық мекеме бөлімшелеріне еліктеумен заманауи виртуалды оқу-клиникалық аурухананы құру арқылы практикалық дағдылар орталығын жаңарту және орталықтың AMEE-ASPIRE халықаралық аккредиттеуден өтуі жоспарлануда. Университеттің білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің аккредиттеуі білім беру бағдарламаларының халықаралық танылуына және шетелдік студенттер санының артуына септігін тигізеді.

Университеттің білім беру қызметтерінің халықаралық нарығына шығуының ажырамас шарты ретінде ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын арттыру, үш тілді оқыту бағдарламаларын енгізу және қызметкерлердің оқу пәндерін оқыту мен шетелдік студенттермен тілдесу үшін қажетті тілдік құзыреттерін арттыру жоспарлануда.

Инновациялық білім беру технологияларын дамыту қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚОТ) қолдану, цифрлық технологияларға негізделген оқыту мүмкіндіктерін кеңейту, SMART оқытуды белсенді енгізу, білім беру ресурстарын белсенді цифрландыру арқылы жоспарлануда.

Оқу бағдарламасын жүйелі жаңарту жұмыс берушілердің талаптарын, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының, қоршаған факторларын және басқа да маңызды релевантты параметрлерді есепке алумен жүргізілетін болады. Дербестендірілген медицина (биоинформатика, медициналық генетика, фармакогенетика және т.б.) бойынша білікті ғылыми және медициналық кадрларды даярлау бойынша жұмыс басталады. Ол үшін стратегиялық ынтымақтастық аясында магистратура, докторантура және пост докторантура білім беру бағдарламалары әзірленеді.

Университеттің ПОҚ және аймақтың денсаулық сақтау саласы қызметкерлерін сертификатты немесе лицензияны растау жүйесімен үйлестірілген үздіксіз кәсіби дамыту жүйесі жетілдіріледі. Қосымша медициналық білім беру бағдарламалары қажетті құзыреттерге ие болу үшін кәсіби стандарттарға сәйкес жетілдірілетін болады.

125 1209

2-стратегиялық бағыт: ЖОО қызметкерлерінің негізгі құзыреттілігін дамыту, зерттеу және профессорлық-оқытушылар құрамының сапасын арттыру.

Бұл бағыт халықаралық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін жоғары оқу орнының білім беру бағдарламалары мен зияткерлік өнімдерін қалыптастырудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады, себебі ресурстық базаның маңызды элементі – адам капиталын қалыптастыруды түспалайды.

Мұнда негізгі тетіктер тиімді еңбек келісім-шарттары, персоналды іздеу, ПОҚ біліктілігін үнемі арттыру болып табылады.

ПОҚ негізгі құзыреттерінің сапасын қамтамасыз ету үшін негізгі құралдар:

1. Университеттің кадрлық саясатын жетілдіру, Назарбаев Университетінің тәжірибесі негізінде бағыттардағы HR менеджментінің рөлін күшейту:

- тиімді кадрлық резерв жүйесін қалыптастыру;
- жас оқытушыларға тәлімгерлік жүйе құру;
- ПОҚ ішкі аттестаттау жүйесін қалыптастыру;
- педагогикалық және кәсіби құзыреттер негізінде біліктілік талаптарын анықтау;

- жетекшілік құрамды - проректорларды, декандарды, құрылым басшыларын конкурстық алмастыру жүйесін енгізу.

2. Стратегиялық серіктес университеттің сарапшыларын Университеттің профессорлық-оқытушылар әлеуетін өсіру, іріктеу, жалдау, даярлау өлшемшарттары мен оқытушыларды бағалау жүйесі бар оқытушылардың құзыреттерінің моделін әзірлеу процесіне тарту.

3. Белгіленген талаптар мен тиімділік көрсеткіштерінің негізінде Университет жұмысына жетекші шетелдік оқытушылар мен зерттеушілерді жүйелі түрде тарту тетіктерін енгізу.

4. Университет қызметкерлерін ағылшын тіліне, академиялық хат және кісіби коммуникация дағдыларына оқыту курстарын ұйымдастыру. Аккредиттелген тестілеу орталықтары арқылы міндетті сертификаттау шартымен, ПОҚ тілдік біліктілігін арттыруды ынталандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

5. Қызметтің негізгі көрсеткіштері, Университет қызметінің барлық негізгі бағыттары (зерттеу, оқу және емдеу жұмысы) бойынша көрсеткіштерді теңдестірілген орындау негізінде қызметкерлер мен ПОҚ рейтингтері жүйесін жетілдіру.

6. Дьюк университетінің (АҚШ) негізінде ПОҚ еңбек белсенділігін Университет қызметінің негізгі бағыттары арасында теңдестіруге бағытталған *ПОҚ даму траекториясының жүйесін (тректер)* әзірлеу. Оқытушының екі түрін ажырату жоспарлануда:

- академиялық оқытушы;
- ғылыми зерттеуші.

Бірінші түрдегі ПОҚ жұмысы көбінесе академиялық қызметке, екінші түрдегі ПОҚ жұмысы – зерттеу жұмысына және аз бөлігінде оқу жұмысына бағдарланатын болады. Жұмыс бағытын теңдестіру КРІ енгізу және сәйкес тиімді келісім-шарттар арқылы жүзеге асырылатын болады.

7. ПОҚ академиялық ұтқырлығы сапасын арттыру, ПОҚ халықаралық және Қазақстан ішіндегі академиялық ұтқырлығы бағдарламаларын тиімділігін

М *М*

міндетті мониторингілеумен, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру, кәсіби қайта даярлау түрінде іске асыру.

8. Web of Science, Scopus дерекқорларында индекстелетін басылымдарда баяндама тезистерін міндетті түрде жариялаумен, ПОҚ зерттеулердің басым бағыттары бойынша халықаралық конференцияларға белсенді қатысуын дамыту.

9. Жас ғалымдарды ЖОО ғылыми-педагогикалық жұмысқа келісім-шарттар негізінде ынталандыру тетіктері арқылы тарту, оның ішінде, шетелдік оқыту және тағылымдамалардан өту.

10. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жобаларға қатысуын ынталандыру үшін университеттік гранттар жүйесін қалыптастыру.

3-стратегиялық бағыт: университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін зерттеулердің өзекті бағыттарына шоғырландыру, зерттеу қызметі арқылы жаңа білімді генерациялау.

Ғылым экономиканың қозғаушы күші, кез келген елдің дамуының маңызды ресурсы болып табылады. Оқу және ғылыми процестердің ажырамас бірлігі негізінде кадрларды даярлаудың дамыған жүйесі бар, қажетті инфрақұрылымы, жоғары білікті басқару және ғылыми кадрлары бар университеттер білім мен ғылымды интеграциялау үдерістеріндегі орталық буынға айналуы тиіс.

Бұл бағыт:

1. Медициналық ғылымдағы өзекті халықаралық үдрістерді сараптық бағалау арқылы Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттарын анықтау және ұзақ мерзімді перспективаға кешенді бағалау жүргізу, зерттеу жұмысы шеңберінде перспективалы өнімдер мен технологияларды анықтау;

2. Университеттің инновациялық қызметтерін ілгерілету, Университет үшін басым салаларда елеулі жұмыс істеген әріптестерді іздеу, бірлескен іргелі және қолданбалы зерттеулерді орындау мақсатында ірі ғылыми жобалардың негізгі серіктестерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен стратегиялық серіктестік бөлімінің рөлін күшейту;

3. Халықаралық патенттеу арқылы Университет қызметкерлерінің зияткерлік қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қолдау көрсету бойынша ғылыми-зерттеу қызметінің менеджменті бөлімінің рөлін күшейту, университеттің ғылыми және инновациялық ортасын дамытуға қаржыландыру көздерін тарту ғылыми-зерттеу қызметін қолдау үшін қажетті қаржыландыру ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

4. Қазіргі ғылыми күн тәртібіндегі өзекті алдыңғы қатарлы зерттеулерді жүргізу үшін жетекші ғалымдарды басшылыққа тарта отырып, зерттеулердің басым бағыттары бойынша жаңа зертханаларды құру және қолда бар зертханаларды жаңғырту;

5. Рецензияланатын ғылыми басылымдарда ПОҚ ғылыми жарияланымдарын қолдау жүйесін жетілдіру, жарияланым белсенділігін ынталандыру, мақалаларды жариялау шығындарын өтеу, мәтіндерді аудару және түзету, рецензияланатын басылымдарда жарияланымдар техникасына оқыту, баспалармен өзара іс-қимыл жасау;



6. Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде орындалатын ғылыми жобалардан, Университеттің УББ (ПНР) бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілермен жасалған шарттардан, ҒЗЖ, орталықтар мен халықаралық гранттардың қызметінен ғылымды қаржыландыру кірістерінің көлемін ұлғайту;

7. Студенттерді, магистранттарды және жас ғалымдарды зерттеу қызметіне, оның ішінде, тиісті еңбекақы төлеумен, гранттық қаржыландырылатын ҒЗЖ орындауға кеңінен тарту;

8. Ғылымды, клиникалық зерттеулерді дамытуға, Университетте халықаралық және көпорталықты зерттеулер жүргізуге жеке меншік инвестицияларды тарту бойынша шаралар қабылдау. Биомедициналық ғылымды дамыту үшін зерттеушілердің әлеуеті арттырылатын болады. Медициналық қызметкерлердің ғылыми, білім беру және клиникалық қызметін үйлестіруіне ынталандыру көрсетілетін болады. Биомедициналық зерттеулердің тақырыптары мен мазмұны, оның ішінде, магистратура, PhD докторантура және пост-докторантура бағдарламаларын орындау шеңберінде, Ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің басымдықтарына байланысты айқындалады.

9. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың өнертабысына қорғау құжаттарын қоса авторлыққа тарта отырып, университет ғалымдарының зияткерлік меншігін қорғау мәселелерін шешу және технологияларды лицензиялау мүмкіндіктерін іздеу, маркетингтік зерттеулер жүргізу және университеттік әзірлемелер негізінде бизнес-модельдер дамыту арқылы жүзеге асырылады.

4-стратегиялық бағыт: Медициналық қызметтерді университеттік клиникалар желісімен жетілдіру, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізу.

Университет клиникасы қызметінің басым бағыттары:

- уақытылы және сапалы медициналық көмек көрсету;
- медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- диагностикалық және емдік процестердің жаңа технологияларын енгізу.

Университет өңірдегі жетекші клиникалық мекеме ретінде өз ұстанымын нығайтуды жалғастырады.

Меншікті клиникаларды тиімді пайдалану кафедралар қызметкерлерін клиникалық процесті басқаруға кірістіруге, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде (бұдан әрі – БҰДСЖ) жұмыс жасайтын клиникалық кафедралар оқытушыларының санын арттыруға, кәсіби медициналық қауымдастықпен әлеуметтік серіктестіктің тиімділігін жоғарылатуға, клиникалық тәлімгерлік институтын дамытуға мүмкіндік береді.

Кардиохирургия мен онкология бойынша операциялық араласулар санын 1,5 есе арттыру, мақсатты бағыттар – операциялардың ағзаларды сақтайтын түрлері, ең төмен инвазиялы хирургия, «ағартушылық» хирургияны дамыту Университеттің МО жұмысының сапалы көрсеткіштері болады.

Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, басқару, әлеуметтік маңызы бар: онкология, кардиология ауруларының профилактикасы, оларды диагностикалау және емдеу тиімділігін жоғарылату бойынша шаралар қабылданады.

МО паллиативті көмекті және мейірбике күтімін дамытуға тиісті назар аударылады: оларқызметтердің географиялық және қаржылық қолжетімділігінің арқасында мұндай көмекке мұқтаж адамдарға көрсетілетін болады.

Пациенттердің медициналық көмек сапасымен қанағаттануын бағалау шарасы тәуелсіз сарапшыларды кірістірумен жетілдірілетін болады, ол жүргізілетін тәуелсіз сараптама сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Медициналық көмек сапасын мониторингілеудің объективтілігі цифрландыру негізінде автоматтандыру арқылы арттырылады; түзетуші шараларды қабылдаумен, оқиғаларды есепке алу мен оларды талдаудың тиімді жүйесі енгізіледі.

ОМК қызметінде халықтың қамтылуын және АББ аурулар тізімін кеңейтумен, ауруларды басқару бағдарламасын (Бұдан әрі – АББ) енгізу жалғастырылады. АББ пациенттерді ауруы және денсаулығын сақтау тәсілдері туралы білімін арттыру, пациенттің дәрігердің ұсыныстарын уақытында орындауы, оның ішінде, дәрілік заттарды уақытында қабылдауы, диетаны бақылауы және басқа әрекеттері арқылы ауруды басқаруға кірістіруге мүмкіндік береді.

Медициналық ұйымдарды үйлестіру және әдістемелік сүйемелдеу үшін ОМК негізінде МСАК үздік тәжірибелерінің өңірлік орталығы құрылады, ол МСАК қызметтерін көрсетуде жаңа технологияларды әзірлейтін және енгізетін болады. 2023 жылға қарай бір ЖПД бір дәрігеріне бекітілген халық саны 1550 адамды құрайтын болады.

Отбасылық медицина орталығының ғылыми және әдістемелік әлеуетін пайдалана отырып, отбасылық дәрігерлер мен жалпы практика дәрігерлері барлық жастағы пациенттерге қызметтер көрсетеді. Учаскелік медициналық қызметкерлердің жұмысын амбулаториялық-емханалық деңгейде қолдау үшін ОМК белсенді ұзақ жасау мектебі құрылады. Заманауи дәлелдік практика негізінде амбулаториялық деңгейге екпін жасаумен, оңалтудың жаңа моделі енгізілетін болады.

«Салауатты университет» жобасын ілгерілету шеңберінде Университет студенттері мен оқытушылары үшін пайдалы тағам, дене шынықтырумен айналысу арқылы салауатты өмір салтын ұстаушылықты қалыптастыруға жағдай жасалады.

Клиникалық қызметтердің жоғары сапасына жету, медициналық туризмді дамыту үшін, Университетте университет клиникаларын келесі бағыттарда жаңғырту және қайта жабдықтау жоспарлануда:

- ОМК ауданын кеңейту;
- МО жанында диагностикалық зерттеуден және амбулаториялық терапия курсынан өтетін басқа қалалық пациенттердің тұруы үшін қонақ үйлерін ұйымдастыру үшін үй-жайлар бөлу.

Медициналық қызметтер көрсетудің белгіленген жоғары стандарттары сапаны қамтамасыз ету жүйесімен мониторингіленеді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Университетте жобалық менеджмент жүйесін дамыту, болжау және жоспарлау, кадрлық және

қаржылық-экономикалық қамтамасыз ету, бәсекеге қабілеттіліктің өсуіне, стратегиялық жоспарлауға, ақпараттық технологияларды оңтайландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға, қаржылық функцияның тиімділігін арттыруға бағытталған өзгерістерді басқару үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болады.

Даму бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі күтілетін нәтижелері:

1) жоғары білім берудің халықаралық аймағына интеграциялану, жетекші шетелдік университеттермен тиімді ынтымақтастық, мамандықтардың білім беру бағдарламаларын халықаралық академиялық стандарттарды, модульдік-құзыреттілік тәсілдеме қағидаттарын, еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке алумен әзірлеу.

2) Мамандықтардың білім беру бағдарламаларына білім алушылардың ғылыми құзыреттерін дамытатын пәндерді енгізу, бірлескен ғылыми әзірлемелердің тиімділігі есебінен визитинг-профессорлар бағдарламасының тиімділігін арттыру.

3) Университеттің негізгі білім беру бағдарламаларында оқитын шетелдік студенттер үлесін арттыру. Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын, үш тілді оқыту бағдарламаларын арттыру.

4) Кадрлық саясатты жетілдіру, ПОҚ академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін жетекші шетелдік университеттер мен клиникалар негізінде арттыру. Оқытушыларды ішкі аттестаттау жүйесін енгізу, кәсіби әлеует санаттары бойынша ПОҚ мансаптық жоғарылауының моделін әзірлеу және енгізу;

5) Медициналық білімді, ғылымды және практикалық денсаулық сақтауды интеграциялау. Биомедициналық зерттеулер нарығын, ілгерілету жүйесін және денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруды дамыту.

6) Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде орындалатын ғылыми жобалардан, Университет дамуының басым бағыттары бойынша шаруашылық субъектілерімен жасалатын шарттардан, ҒЗИ қызметінен, орталықтар мен халықаралық гранттардан түсетін кірістердің көлемін арттыру.

7) ӘМСК жүйесін енгізу университет клиникаларында азаматтардың, мемлекеттің және жұмыс берушілердің ынтымақты жауапкершілігін қамтамасыз етуге, тарифтік саясатты жетілдіруге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік пен заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді; - денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарларын іске асыру; - денсаулық сақтау саласында корпоративтік басқару мен заманауи менеджментті дамыту; - денсаулық сақтаудың барлық ақпараттық жүйелерін Интеграциялық платформамен интеграциялау; - медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуын жақсарту.

«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2019 – 2023 жылдарға арналған
даму бағдарламасына
1-қосымша

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының даму бағдарламасының
паспорты**

Бағдарлама атауы	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2019 – 2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы (бұдан әрі – «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ).
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздер	1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы; 2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен; 3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 4. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Мақсаты- «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ алдыңғы қатарлы білім беру бағдарламалары мен оқыту технологияларын енгізу, халықаралық деңгейде ғылыми зерттеулерді орындау, университет клиникаларының қызметін жетілдіру жолымен медициналық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Міндеттер: 1. Университеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін бағдарламалар мен зияткерлік өнімдерді қалыптастыру. 2. Шетелдік университеттермен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты күшейту. 3. Адами капиталды дамыту, ПОҚ білікті штатын қалыптастыру. 4. Ғылыми-зерттеу қызметін күшейту. 5. Университет клиникаларының қызметін жетілдіру.



Иске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2019-2023 жылдар
Қаржыландыру көздері	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ білім алушыларының білім гранттары. Ақылы негізде білім алатын білім алушылардың қаражаты. Ғылыми зерттеулер жүргізуге алынған гранттар. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ монополияға қарсы органмен заңнамамен белгіленген тәртіпте келісілген басқа қызметтерден түскен қаражаттары.

Handwritten signature

«Марат Оспанов атындағы
БатысҚазақстан медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2019 – 2023 жылдарға арналған
даму бағдарламасына
2-қосымша

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының даму бағдарламасының
нысаналы индикаторлары**

Р/б №	Нысаналы индикаторлар	Өлш · бірл.	Жоспарлы кезеңде, жылдар				
			2019	2020	2021	2022	2023
Мақсаты - «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ алдыңғы қатарлы білім беру бағдарламалары мен оқыту технологияларын енгізу, халықаралық деңгейде ғылыми зерттеулерді орындау, университет клиникаларының қызметін жетілдіру жолымен медициналық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.							
1-міндет. Университеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен зияткерлік өнімдерді қалыптастыру.							
1	Халықаралық агенттіктер аккредиттеген білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	-	-	1	-	1
2	Тәуелсіз емтиханнан бірінші реттен сәтті өткен резидентура түлектерінің үлесі	%	100,0	100,0	85,0 кем емес	85,0 кем емес	85,0 кем емес
3	Тәуелсіз емтиханнан бірінші реттен сәтті өткен интернатура түлектерінің үлесі	%	98,6	100,0	85,0 кем емес	85,0 кем емес	85,0 кем емес
4	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі	%	10,0	11,5	14,0	16,0	18,0
5	Ағылшын тілінде білім алатын студенттер үлесі	%	7,3	8,6	11,0	13,0	15,0
6	Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған немесе оқытудың келесі деңгейіне түскен, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған жоғары оқу орындары түлектерінің үлесі	%	98,7	100,0	95,0 кем емес	95,0 кем емес	95,0 кем емес
7	Білім алушылардың жалпы контингентіндегі магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	%	1,01	0,7	1,3	1,5	2,0

А. С. С.



8	Мейіргер білімі (академиялық бакалавриат және/немесе магистратура) бар Мейіргер ісі оқытушыларының («Мейіргер ісі» мамандығы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқытушылардың) үлесі	%	-	10,0	20,0	20,0	30,0
9	Үш тілде (қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде) оқыту бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	%	-	10,0	15,0	20,0	25,0
2-міндет. Шетелдік университеттермен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты күшейту							
10	ЖОО-ның ПОҚ жалпы санындағы шақырылған шетелдік профессорлар, оқытушылар мен зерттеушілердің үлесі	%	7,4	3,5	5,5	6,0	6,5
11	Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан білім алушылардың үлесі	%	5,8	2,3	2,5	3,0	3,5
12	Халықаралық ғылыми жобалардың саны, оның ішінде, шетелдік серіктестермен бірге орындалған жобалар	бірл.	2	2	2	2	2
13	ҚР БҒМ, ҚР ДСМ қаржыландыратын ғылыми гранттар/бағдарламалар саны	бірл.	1	1	3	3	3
14	Серіктес ЖОО, оның ішінде, стратегиялық серіктеспен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	-	1	2	2	2
3-міндет. Адами капиталды дамыту, ПОҚ білікті штатын қалыптастыру							
15	Қызметкерлердің ЖОО жұмыспен қанағаттануының орташа деңгейі	%	85,0	82,0	82,0	84,0	86,0
16	Дәрігердің орташа жалақысының аймақ экономикасындағы орташа жалақыға арақатынасы	%	-	1:1,011	1:1,001	1:0,991	1:0,981
17	Біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде оқудан өткен медицина қызметкерлерінің саны	бірл.	-	869	875	880	885
18	ЖОО барлық қызметкерлер санаттары бойынша кадрлар тұрақтамауы	%	16,5	15,6	15,5	15,0	14,5
19	45 жасқа дейінгі ағылшын тілін меңгерген ПОҚ үлесі (TOEFL–525, IELTS–5,5, НЦТ-В1 сертификаттары, алыс шетелдік ЖОО академиялық дәреже	%	22,3	20,0	30,0	40,0	50,0

РД РКС


	меншіктеу туралы дипломы бар)						
20	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын ПОҚ үлесі	%	4,9	5,6	4,5	5,0	5,5
4-міндет. Ғылыми-зерттеу қызметін күшейту							
21	Бюджеттің жалпы көлеміндегі ғылыми қызметтен түсетін кірістер үлесі	%	1,7	1,0	1,7	1,9	2,0
22	Web of Science, Scopus индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жылдың ішінде жарияланған мақалалар санының штаттық ПОҚ санына қатынасы	қатынас	1 : 10	1 : 5	1 : 4	1 : 3	1 : 2
23	Web of Science, Scopus базасында ПОҚ орташа Хирш индексі	бірл.	0,36	0,38	0,4	0,42	0,45
24	ЖОО жүзеге асырылатын клиникалық зерттеулер саны	бірл.	1	1	2	3	3
25	ЖОО жүргізілетін биомедициналық зерттеулер саны	бірл.	-	8	9	10	11
5-міндет. Университет клиникаларының қызметін жетілдіру							
26	Бір ЖПД бекітілген халық саны	ад.	1 688	1 605	1 620	1 600	1 550
27	ЖАО топтарының құрамында МСАК ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету үшін аудандарға шығу саны	абсолюттік сан	3	4	15	17	19
28	Үш нозология (АГ ,ДК, ССН) бойынша диспансерлік есепте тұрған пациенттердің СӨС қамтуы	%	32,2	61,4	65,0	70,0	75,0
29	Расталған шағымдар мен өтініштер саны	бірл.	0	0	5 артық емес	5 артық емес	5 артық емес
30	Клиникалық кафедралардың ТМККК және ӘМСК шеңберінде жұмыс істейтін ПОҚ үлесі	%	15,0	34,1	35,0	45,0	55,0
31	Пациенттердің медициналық көмектің сапасымен қанағаттануы	%	70,3	81,2	85,0	87,0	89,0
6-міндет. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ университеттердің және негізгі медициналық білім беру орталықтарының халықаралық рейтингінде ілгерілету							
32	QS (by subject) нұсқасы бойынша үздік университеттер рейтингіндегі позиция	Позиция	-	-	-	-	1 000+

10 РМ

Әзірлеген:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	К.Б.Құрманғалиев	Стратегиялық даму департаментінің басшысы		09.03.21
2.	Р.Б. Валиахметова	Стратегиялық даму бөлімінің басшысы		09.03.21

Келісілді:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	С.С. Сапарбаев	Стратегиялық даму, ғылым және халықаралық серіктестік жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі		09.03.21